

**Сарқан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 07 ақпандағы "Сарқан аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 30-154 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 05 мамырдағы № 35-187 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 21 мамырда № 2727 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 27-120 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан аудандық мәслихатының 30.11.2017 № 27-120 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Сарқан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарқан аудандық мәслихатының 2014 жылғы 07 ақпандағы "Сарқан аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 30-154 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылғы 20 наурызда № 2632 тіркелген, 2014 жылы 5 сәуірдегі аудандық "Сарқан" газетінің № 14 (9058) жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

33-тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Облыстың тексеру комиссиясының бюджеттің атқарылуы туралы есебін мәслихат жыл сайын қарайды".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы Бейсенбай Мерекебайұлы Разбековқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК